

Үйде оқитын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2014 жылғы 16 маусымдағы № XXIV-1 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 маусымда № 2938 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2015 жылғы 15 қыркүйектегі № XXXIV-4 шешімімен

РҚАО ескертпесі:

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 15.09.2015 № XXXIV-4 шешімімен (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурызындағы № 217 "Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Үйде оқитын мүгедек балаларға ай сайын 2,4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық қамсыздандыру тағайындалсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім, мәдениет және жастар ісі жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасына (А. Аққайнатов) жүктелсін.
3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таралады.

*Аудандық мәслихаттың кезектен
тыс 24-сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

О. Жаныкулов

Т. Бейсқали